

К.Жұбанов атындағы АӨМУ білім беру бағдарламаларының тізімі

1. 5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
2. 5B010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
3. 5B010300 - Педагогика және психология
4. 5B010500 - Дефектология
5. 5B010600 - Музыкалық білім беру
6. 5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу
7. 5B010800 - Дене шынықтыру және спорт
8. 5B010900 - Математика
9. 5B011000 - Физика
10. 5B011100 - Информатика
11. 5B011200 - Химия
12. 5B011300 - Биология
13. 5B011400 - Тарих
14. 5B011600 - География
15. 5B011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті
16. 5B011800 - Орыс тілі мен әдебиеті
17. 5B011900 - Шетел тілі: екі шет тілі
18. 5B012000 - Кәсіптік білім
19. 5B012100 - Қазақ тілін оқытпайтын мектептертегі қазақ тілі мен әдебиеті
20. 5B012200 - Орыс тілін оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
21. 5B012300 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
22. 5B012900 - География –тарих
23. 5B020300 - Тарих
24. 5B020500 - Филология: казак/орыс филологиясы
25. 5B020700 - Аударма ісі
26. 5B021000 - Шетел филологиясы (ағылшын)
27. 5B030100 - Құқықтану
28. 5B040900 - Хореография
29. 5B042100 - Дизайн
30. 5B050300 - Психология
31. 5B050600 - Экономика
32. 5B050700 - Менеджмент
33. 5B050800 - Есеп және аудит
34. 5B050900 - Қаржы
35. 5B051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару
36. 5B051100 - Маркетинг
37. 5B060100 - Математика
38. 5B060200 - Информатика
39. 5B060400 - Физика
40. 5B060600 - Химия
41. 5B060700 - Биология
42. 5B060800 - Экология
43. 5B070300 - Ақпараттық жүйелер
44. 5B070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
45. 5B070500 - Математикалық және компьютерлік модельдеу
46. 5B 070700- Тау-кен ісі
47. 5B070800 - Мұнай-газ ісі
48. 5B070900 - Металлургия
49. 5B071300 - Көлік, көлік техникасы және технологиялары
50. 5B072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
51. 5B072100 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы
52. 5B072900 – Құрылыс
53. 5B090100 - Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру
54. 5B090200 - Туризм

К.Жұбанов атындағы АӨМУ білім беру бағдарламалары

№	Мамандықтардың атауы мен шифры	Берілетін дәреже	Мамандықтардың сипаттамасы
БІЛІМ			
1.	5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша кәсіби қызметінің саласы мектепке дейінгі ұйымдарда білімдік-тәрбиелік қызмет болып табылады.</p> <p>Кәсіби қызмет түрлері: тәрбиеші; аға тәрбиеші; мектепке дейінгі мекеме меңгерушісі, балалар үйінің директоры; мектепке дейінгі мекеме, балалар үйінің ұйымдастырушысы; білім департаментінің мектепке дейінгі тәрбие жөніндегі маманы;</p> <p>Кәсіптік қызмет объектісі: мектепке дейінгі білім жүйесі: мектепке дейінгі мекемелер, балалар үйі және әкімшілік білім органдары.</p> <p>5B010100 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша бакалавр білім берудің ұлттық үлгісіне, нәтижеге бағытталған, жаңа формация маманын, еуразиялық полимәдениетті, коммуникативті, технократты, педагогикалық іс-әрекет аясындағы міндеттерді қазіргі ғылыми және практикалық деңгейде жоғары кәсіби және шығармашылық қабілеттілікпен шеше алатын маман дайындау.</p>
2.	5B010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	5B010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі бакалаврының кәсіби қызмет саласы білім беру мекемелерін қамтиды (жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысы, педагогикалық колледждер, білім жетілдіру және педагогикалық кадрларды қайта даярлау институттары, білім департаменттері).</p> <p>Кәсіби қызмет түрлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұйымдастыру-технологиялық (педагогикалық технология негізінде оқу және тәрбие процесін ұйымдастыру); - педагогикалық басқару («субъект-субъект» өзара іс-қимыл жасау); - жобалық (бастауыш

			<p>мектептегі білімді қалыптастыру);</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-зерттеу (зерделеу, қорыту, ғылыми зерттеу негізінде озат тәжірибелерді тарату); - білім беру-педагогикалық (оқуға оқыту). <p>Кәсіптік қызмет нысандары: орта білімнің бірінші сатысындағы бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесі.</p> <p>Жалпы білімділіктің негізгі талабы оның педагогикалық қызметінің, педагогикалық қарым-қатынасының, педагогикалық санасының, белгілі бір құндылықты тасымалдаушы тұлға ретінде қалыптасқанын көрсететін білім, білік, дағдының қажетті жиынтығын меңгерген кәсіби-күзиретті педагог даярлау болып табылады.</p>
3.	5B010300 - Педагогика және психология	5B010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>5B010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бакалаврының кәсіби қызмет саласы білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие процесін жобалау 5B010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бакалавры;</p> <p>тәрбиеленушілердің әлеуметтік дамуы мен тұлғалық мәселелерін психологиялық-педагогикалық тұрғыда зерттеу; білімгерлердің жас және дербес ерекшеліктерін ескере отырып, түзету және дамыту бағдарламаларын жасау болып табылады.</p> <p>Кәсіби қызмет түрлері: ұйымдастыру-технологиялық (педагогикалық технология негізінде оқу және тәрбие процесін ұйымдастыру); өндірістік-басқару («субъект-субъект» өзара іс-қимыл жасау); жобалық (бастауыш мектептегі білімді қалыптастыру); ғылыми-зерттеу (әр түрлі саладағы ғылыми-зерттеу кәсіпорындарында ғылыми-зерттеу жобаларын қалыптастыру мен жүзеге асыру); білім беру (педагогика және психология оқытушысы, білім саласындағы педагог-психолог, мамандарды дайындау мен қайта даярлау);</p> <p>Кәсіптік қызмет нысандары: жалпы орта білім беретін мектеп,</p>

			мектепке дейінгі білім мен тәрбиенің жүйесі, педагогикалық колледж, арнаулы орта оқу орындары.
4.	5B010500 - Дефектология	5B010500 - Дефектология мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Кәсіби қызмет түрлері: ұйымдастырушылық – технологиялық (дамуында әртүрлі ауытқулары бар балаларды оқыту және тәрбиелеудің түрлі әдістемелерін таңдау және іске асыру); басқару - өндірістік (әдіскер дефектолог, арнайы мекемелердегі басқарушы); жобалау (арнайы білім беретін мекемелердің нақты типіне жалпы білім беретін оқыту бағдарламаларын бейімдеу; дамуында әртүрлі ауытқулары бар балаларға оқыту – тәрбиелеу және түзете дамыту көмек көрсету жоспарларын әзірлеу және жүзеге асыру); ғылыми – зерттеу (мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және түзету процесінің ерекшеліктерін зерттеу); педагогикалық таңдаған мамандығына байланысты: олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед; диагностикалық – кеңес берушілік (психологиялық – медициналық – педагогикалық кеңес беру комиссиясының мүшесі); психологиялық – ұйымдастырушылық (қазіргі арнайы техникалық құралдар, аспаптар және қондырылатын қолдану арқылы түрлі сабақтарды ұйымдастыру).</p> <p>Кәсіптік қызмет нысандары: арнайы білім беретін мекемелерде (есту, көру, сөйлеу, тірек қимыл қозғалысы, зиятында ауытқуы бар және психикалық дамуы тежеулі балаларға арналған) білім беру, түзету және тәрбиелеу процесі.</p>
5.	5B010600 - Музыкалық білім беру	5B010600 - Музыкалық білім беру мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Мамандықтың кәсіби қызметі түріне мыналар енеді: педагогикалық; ғылыми-әдістемелік; әлеуметтік-педагогикалық; мәдени-эстетикалық.</p> <p>Оқу мерзімі – күндізгі 4 жыл; сырттай - 2,3 жыл.</p> <p>Мамандық түлектерінің меңгеретіні: мамандық, бойынша музыкалық аспапта орындаушылықты меңгеру (фортепиано, домбра, баян,</p>

			аккордеон т.б. өз қалауы бойынша) және хорды дирижерлауды меңгереді.
6.	5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу	5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Кәсіби қызмет түрлері:білім беру (әлеуметтік-педагогикалық, оқытушылық); әр түрлі типтік оқу орындарында сабақ беру қызмет ұйғарылады;мәдени-ағарту; лекциялар оқу, өнер жөнінде әңгіме өткізу, мұражай, галереяларға, сәулет ескерткіштері мен ұлттық мәдени жәдігерлерге экскурсиялар ұйымдастыру қызметі қамтылады;өндірістік-көркем; интерьер, экстерьерді көркемдеу, өнеркәсіп орындарында, фирмада суретшілік, баспа орындарында кітап көркемдеушісі қызметтері ұсынылады; жобалау-дизайнерлік; интерьер, экстерьер басқа да объектілердің дизайнерлік жобаларын жасау, кәделі және кәсіптік графика (орауыш, этикет, марка, белгі, логотип, жарнама, буклеттер, пошта жиынтығы, т.б.) саласында жұмыс істеуге бағытталған; ғылыми зерттеу және әдістемелік; бұл жұмыс көркем педагогика, жеке адамның психологиялық дамуы, бейнелеу өнерінің жаңа әдістемелері мен оқыту мәселелерін, өнер бойынша жаңа білім мазмұнының түзілімін жасаудың көкейкесті мәселелерін шешуді қамтиды; көркем-шығармашылық; бейнелеу өнері мұғалімінің қызметі живопись, графика, мүсін өнері, қол өнері бойынша көркем шығармалар жасауға бағытталған.</p> <p>Кәсіби қызмет нысандары: білім жүйесінің әр түрлі саладағы мекемелерінің педагогикалық қызметі академиялық және салалық ғылыми-зерттеу институттары мен зертханалардың, көркем шеберханалар, әр түрлі жекеменшік басылымдар мен ұйымдардың шығармашылық және ғылыми-зерттеу жұмыстар.</p>
7.	5B010800 - Дене шынықтыру және спорт	5B010800 - Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім	Кәсіби қызмет түрлері Дене шынықтыру және спорт мамандығының түлектері оқу бағдарламалары бойынша дене

		бакалавры	<p>шынықтыру және спорт мұғалімі біліктілігі беріледі.</p> <p>Кәсіптік білім мамандығының кәсіптік қызмет орны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - орта және кәсіптік мектептер, колледждер, лицейлер; - кәсіптік-техникалық мектептер; - балалар-жасөспірімдер спорт мектебі; - ғылыми-зерттеу мекемелер.
8.	5B010900 - Математика	5B010900 - Математика мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Кәсіби қызметінің нысандары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • орта және орта кәсіптік білім беру оқу орындарында оқу-тәрбие процесі; • ғылыми-зерттеу орталықтары, математика, информатика, педагогика және психология саласындағы орталықтар; • мемлекеттік басқару ұйымдары, білім беру департаменттері; • математикалық әдістерді және компьютерлерді қолданатын әртүрлі жекеменшік мекемелер, фирмалар мен компаниялардағы өндірісті–басқару процестері;
9.	5B011000 - Физика	5B011000 - Физика мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>5B011000 «Физика» даярлау бағыты бойынша жоғары білім бакалавриаты білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің кәсіптік әрекетінің сипаттамасы</p> <p>Түлектің кәсіптік әрекетінің аясы</p> <p>5B011000 – Физика мамандығы бойынша түлектердің кәсіби әрекетінің саласы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпы білім беру ұйымдарында, білім мекемелерінде және орталықтарында балалар мен оқушы жастардың білім алуы және дамуы; - ғылым; - физикалық зерттеу әдістерін қолданумен байланысты ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар. <p>Түлектің кәсіптік әрекетінің нысаны</p> <p>5B011000-Физика мамандығы бакалаврының кәсіби әрекетінің нысандары болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржыландырудағы білім бері мекемелері, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, мектептер,

			<p>лицейлер, гимназиялар, колледждер, техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми ұйымдар: физика, педагогика, психология және оқыту әдістемесі салалары бойынша ғылыми, ғылыми-зерттеу орталықтары; - басқару ұйымдары: мемлекеттік басқару ұйымдары, білім департаменттері; - өз жұмыстарында физикалық зерттеу әдістерін қолданатын түрлі жеке меншік формасындағы ұйымдар. <p>Түлектің кәсіптік әрекетінің түрлері 5B011000-Физика мамандығы бойынша бакалавр төмендегідей кәсіби әрекет түрлерін орындай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтік-педагогикалық – оқушылардың толыққанды өмір сүруі, тәрбиеленуі және дамуы үшін жағдай жасау және гуманитарлық-педагогикалық қолдау көрсету; - білім беру – оқушыларды оқыту және дамыту, оқу және тәрбие процестерін ұйымдастыру, педагогикалық процесті жобалау және басқару, диагностика, түзету, педагогикалық әрекет нәтижелерін болжау; - ғылыми-зерттеу – физика, педагогика, психология және оқыту әдістемесі салалары бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу; - ұйымдастыру-әдістемелік – инновациялық оқыту тәжірибелерін оқу, үйрену, жалпылау және тарату; - өндірістік-технологиялық – физикалық зерттеу әдістері негізінде технологиялық процестерді басқару және ұйымдастыру. <p>Түлектің кәсіптік әрекетінің міндеттері 5B011000-Физика мамандығы бойынша бакалавр кәсіби әрекетті таңдауға байланысты келесі кәсіби міндеттерді шешуге дайын болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқу-тәрбие ісі: оқушылардың білім беру процестерін жобалау және басқару, қазіргі педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық
--	--	--	---

			<p>технологияларды қолдану жағдайында мотивациялық, диагностикалық, түзету, коммуникативтік, әдістемелік жұмыстарды орындау;</p> <p>- ғылыми-зерттеу ісі: физика, педагогика, психология және оқыту әдістемесі салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу, эксперименттік зерттеулер жүргізу және нәтижелерді өңдеу;</p> <p>- өндірістік-технологиялық іс: ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды қолданып ақпараттық қорларды өндіру мен өңдеудің технологиялық процестерін ұйымдастыруға қатысу.</p>
10.	5B011100 - Информатика	5B011100 - Информатика мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Кәсіби қызметінің нысандары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • орта және орта арнаулы оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесі, • ғылыми-зерттеу орталықтары, математика, информатика, педагогика және психология саласындағы орталықтар; • мемлекеттік басқару ұйымдары, білім беру департаменттері; • математикалық әдістерді және компьютерлерді қолданатын әртүрлі жекеменшік мекемелер;
11.	5B011200 - Химия	5B011200 - Химия мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Химия мамандығы бойынша бітірген түлекке "«5B011200-Химия» мамандығы бойынша білім бакалавры" академиялық дәрежесі беріледі. Химия бакалавры біліктілігі бойынша орта буын маманы болып табылады және мынадай қызметтерді атқара алады:</p> <p>- химиялық және педагогикалық салалардағы ғылыми-зерттеу ұйымдарында аға лаборант, лаборант, маман және т.б.</p> <p>- химия пәнінің оқытушысы, директор, ғылым, оқу және оқу-тәрбие жұмыстары бойынша директордың орынбасары, оқу-тәрбие орындарында, жалпы орта білім беру, кәсіби-техникалық білім беру, арнайы орта білім беру, сонымен қатар мектептен тыс және қосымша білім беру мен тәрбиелеу ұйымдарында педагогикалық жұмыстарға теңестірілетін басқа жұмыстарда кәсіби шеберхана басшысы, үйірме жетекшісі, аға</p>

			<p>тәрбиеші, тәрбиеші және т.б.</p> <p>Кәсіби қызметінің саласы Химия бакалавры химия ғылымы, химия өнеркәсібі және химиядан білім беру салаларында жұмыс жасай алады.</p> <p>Кәсіби қызметінің объектілері Бітірушілердің кәсіптік қызмет объектісі – жалпы орта білім беру, кәсіптік-техникалық білім беру, арнайы орта білім беру, сонымен қатар мектептен қызметтерін жоспарлауға, ұйымдастыруға және басқаруға арналған. Оқу пәнінің социалдаушы потенциалын тереңдететін тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үшін химия пәнінен сабақтарды және сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу үшін оқу материалдарын жинақтау және сараптау.</p> <p>Кәсіби қызметінің түрлері «5B0112-Химия» мамандығы бойынша бакалаврлар мынандай кәсіби қызмет түрлерін атқара алады: жалпы орта білім беру, кәсіби-техникалық білім беру, арнайы орта білім беру, сонымен қатар мектептен тыс ұйымдарда және қосымша білім және тәрбие беру оқу-тәрбиелік ұйымдарында және мекемелерінде төмендегідей кәсіптік қызметтің түрлерін орындауға мүмкіндігі бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - диагностикалық; - білім беру (педагогикалық); - жобалық; - ғылыми зерттеу; - өндірістік-басқару; - ұйымдастыру-технологиялық; - бағыттама-болжаулық; - ақпаратты-түсіндірмелі; - коммуникативті-ынталандыру; - сараптау-бағалау. <p>«5B0112-Химия» мамандығы бойынша бакалаврлар мынадай кәсіптік қызмет функцияларын орындауға мүмкіндігі бар: педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушы-басқарушылық.</p>
12.	5B011300 - Биология	5B011300 - Биология мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Кәсіби қызметінің нысандары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • орта және орта арнаулы оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесі, институттар мен зертханалардағы

			<p>ғылыми зерттеулер;</p> <ul style="list-style-type: none"> • ғылыми-зерттеу институттары, биология, экология, педагогика және психология саласындағы орталықтар; • мемлекеттік басқару ұйымдары, білім беру департаменттері.
13.	5B011400 - Тарих	5B011400 - Тарих мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Білім бакалавры келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады: □ оқу-тәрбиелік (педагогикалық); □ өндірістік-басқару; сарапшы-кеңесшілік; мәдени-ағартушылық.</p> <p>Білім бакалаврының кәсіби қызметінің функциялары: өскелең ұрпақты тәрбиелеуді іске асыру; педагогикалық қызметті ұйымдастыру және дамыту;</p> <p>білім беру үрдісін жетілдіру міндетін іске асыру; оқыту үрдісінде алған білімін дұрыс қолдана білу;</p> <p>өскелең ұрпақты еркін бағдар ұстауға және өзін-өзі дамытуға үйрету; оқу-әдістемелік әдебиетті жетілдіру.</p> <p>Білім бакалаврының кәсіби қызметінің типтік міндеттері: тарихи сананы қалыптастыру және сақтау;</p> <p>жеке-бағдарлы білім беруді іске асыруға жеке тұлғалық және жіктемелік тұрғыдан қарау.</p>
14.	5B011500 – Құқық және экономика негіздері	5B011500 – Құқық және экономика негіздері мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Бітіруші кәсіби құзыреттер шеңберінде: білімдік қызмет саласында құқық және экономика ғылымдары салаларын жоғары кәсіби деңгейде меңгеру, өзінің кәсіби дамуын жобалау қабілетінің болуы;</p> <p>педагогикалық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануы; эксперименттік-зерттеу қызметі саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқу-тәрбие процесін бақылау, бақылап отырған фактілер мен құбылыстарды талдау және олардың себеп-салдар байланыстарын анықтау, олардың дамуын болжауы; - сынып ұжымының ерекшеліктерін, оқушылардың мүдделерін, олардың оқып отырған пәнге қатынасын талдауы; - оқу материалын, оқыту құралдарын талдау, күтілетін нәтижелерді болжауы; - өзінің кәсіби әрекетін,

			<p>оқушылардың оқу әрекетін талдауы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - барлық бақыланып және талданып отырған құбылыстарды белгілі теориялық-әдіснамалық тұрғысынан түсіндіруі; - процесс нәтижелерін анықтайтын негізгі факторларды бөліп көрсетуі; - қол жеткен және тиісті нәтижелерді салыстыру, оның белгілі тұжырымдамалық негізде даму перспективасын болжауы; - ғылыми ақпаратты іріктеу және сын елегінен өткізе отырып пайдалануы; - жалпы ғылыми таным әдістерін меңгеруі (талдау, жинақтау, индукция, дедукция, аналогия, ғылыми болжам, модельдеу және т.б.); - күрделі емес әдістемелік экспериментті жоспарлау және өткізуі; - зерттеудің дидактикалық тиімді нәтижелерін өзінің кәсіби-педагогикалық әрекетіне енгізуі; - эксперименттік-зерттеу жұмысының позитивті нәтижелерін баяндама, хабарлама, ғылыми мақала, әдістемелік құрал түрінде әдеби рәсімдеу және насихаттауы; <p>ұйымдастырушылық-басқару қызметі саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқыту әрекетін жоспарлау барысында құқық және экономика негіздерін меңгерудің объективтік заңдылықтарын ескеруі; - сабақтың нақты мақсаты мен міндеттерін анықтау, оқушылардың ортақ әрекетінің бағдарламасын белгілеуі; - нақты сабақтың мақсаты мен түріне сәйкес оқу материалын жоспарлауы; - өзінің кәсіби әрекетін құқық және экономика негіздері пәні мазмұны мен оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын қазіргі талаптар тұрғысынан жоспарлауы; - өз әрекетін және оқушылар әрекетін сабақтың (сабақтар топтамасының) белгілеген жоспарын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастыруы; - өткізілген және қатысқан
--	--	--	--

			<p>сабақ нәтижелерін талдауы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - бақылаудың әдістемелік (диагностикалық, түзетушілік, оқытушылық, бақылаушылық) мақсатын анықтауы; - бақылау нысанын бөліп көрсету, олардың сол сыныпқа арналған бағдарлама деңгейіне сәйкестігін орнатуы; <p>әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтік өзара әрекетте қалыптасу және өмір сүре білу қабілетінің болуы; өзінің кәсіптік еңбек нәтижесі үшін әлеуметтік жауапкершілікте болуы; <p>оқу-тәрбиелік қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүйелік, кешендік және сабақтастық принципін ескере отырып жоспарлауы; - өз пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстың оңтайлы формалары мен әдістерін таңдау және қолдануы; - оқушылар ұжымымен, сол сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен педагогикалық өзара байланыс орната білуі; <p>оқу-технологиялық қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақпараттық көздерді (мультимедиялық оқыту бағдарламаларын, электрондық оқулықтарды, ТВ-технологияларды, интернеттік жүйелер) пайдалануы; - жұмыста кездесетін келеңсіз жағдайларды талдауы (келеңсіз жағдайларды шешу әдісін меңгеру); - кәсіби қызметке қатысты тапсырмаларды әзірлеу әдісін меңгеруі: (кейс технологияларын пайдалану немесе кәсіби мәнді кейс-жағдаяттарды талдау); - топтық пікірталас негізінде топтық шешім қабылдау, шығармашылық (проблемалық) міндеттерді шешу, жобалауы (ізденіс жобасы, талдамалы, прогностикалық, шығармашылық жобалар) тиіс.
15.	5B011600 - География	5B011600 - География мамандығы бойынша білім бакалавры	5B011600 - «География» мамандығы бойынша білім алған бакалавр мынадай кәсіби іс-әрекет түрлерін орындай алады: білім беру

			<p>(педагогикалық): әртүрлі білім беру мекемелерінде (мектеп, гимназия, лицей, колледж және т.б.) география пәнінің мұғалімі, мектепте экология мен экономика негіздерінен факультативтік сабақ және туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастырушы ретінде; ғылыми – зерттеу: әртүрлі бағыттағы (география, геология, экология, картография, гидрология, сейсмология, топырақ географиясы, туризм, экология және т.б.) мекемелерде ғылыми зерттеулерді орындау;</p> <p>- жобалау: инженер ретінде жобалау мен конструкторлық ұйымдарында жалпы және арнайы жұмыстарды (топографиялық түсірілім, карталар жасау, метеоаландарды, экологиялық соқпақтарды, рекреациялық, суландыру, реконструкциялық, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, басқа да табиғат және әлеуметтік-экономикалық нысандарды аудандық жоспарлау);</p> <p>- әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдарда (білім беру басқармалары, әкімшіліктер, табиғатты қорғау және жер ресурстары бөлімдерінде, туристік-өлкетану мекемелерінде және т.б.) өндірістік-басқару іс-әрекетін атқару; сараптама жасау: аймақтардың (ел, аудан, қалалар мен ауылдық округтердің) дамуын болжау мен халықтың орналасуын бағдарлау, бағалау процедуралары мен құндылықтарды саралау, жобаларды негіздеу, табиғатты қорғау, табиғатты тиімді пайдалану, т.б. мәселелер бойынша сарапшы ретінде;</p> <p>ұйымдастыру-технологиялық: табиғат ортасындағы мониторинг жүйесінде инженер ретінде, жер ресурстары мен табиғатты қорғау ұйымдарында, туристік-өлкетану және экологиялық, т.б. ұйымдарда қызметкер ретінде.</p> <p>География бакалаврының кәсіптік іс - әрекет функциялары: тәрбиелеу; оқыту; тәлімгерлік; кәсіби бағдар беру; зерттеу; ізгілік;</p>
--	--	--	---

			<p>жобалау; сараптау.</p> <p>География пәні шебінде, кәсіби қызметінің типтік міндеттері келесідегідей базалық және негізгі (түйінді) құзыреттіліктерді қалыптастыруы тиіс:</p> <p>Білімнің базалық құзыреттіліктері: бағдарлы-құндылық құзыреттілігі; оқу-танымдық құзыреттілігі; ақпараттық-технологиялық құзыреттілігі; жеке тұлғаның өздігінен даму құзыреттілігі.</p> <p>Білімнің негізгі құзыреттіліктері: жеке менеджмент және проблемаларды шешу құзыреттілігі; ақпараттық құзыреттілігі; коммуникативтік құзыреттілігі.</p> <p>Типтік тапсырмалар кәсіптік іс - әрекет түрлерімен анықталады. Әрбір тапсырма өз кезегінде таңдаған бағыттардан туындап және маманға қойылатын талаптарға сай болады: білім беру – оқушыларға сапалы білім беру және тәрбиелеу; ғылым – ғылыми зерттеулерді өте жоғары әдіснамалық негізде орындау; басқару – әкімшілік міндеттерді сауатты шешу.</p> <p>Бітірушінің кәсіби іс-әрекетінің бағыты жалпы білім беретін, базалық және кәсіптендіру пәндері бойынша алған, педагогикалық, ғылыми-зерттеу және басқару, жобалау жұмыстарын атқаруға мүмкіндік беретін білімнің жиынтығымен анықталады.</p>
16.	5B011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті	5B011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша дайындалатын бакалавриаттың білім бағдарламасының (ББ) жалпы сипаттамасы</p> <p>«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша кадрлар дайындау 17.07.2013ж. алынған №13014680 мемлекеттік лицензия бойынша жүргізіледі. Білім беру бағдарламасы жеке түрі, деңгейі мен оқу мерзіміне байланысты жасақталады және төмендегідей принципке негізделеді:</p> <p>- оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының өзара</p>

			<p>бейімділігі мен үйлестірілуі, әр сатыдағы білімнің аяқталуы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - білім алушылардың қабілеті, тілектері мен мүмкіндіктеріне байланысты білім алу сұраныстарының қанағаттандырылуы; - кәсіби бағдар мен кәсіби дайындық жұмыстарының кешенділігі, еңбек нарығына қажеттілікті зерттеу. <p>Білім беру бағдарламасы мынадай құрамдас бөліктерден тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құрамына жалпы білім беру, базалық білім және бейіндік пәндер енетін теориялық білім (оқыту); - қосымша оқу түрлері – кәсіптік практиканың түрлері, дене мәдениеті (шынықтыру, тәрбиесі) және т.б. - аралық және қорытынды аттестация. <p>ЖКБ ББ игеру мерзімі</p> <ul style="list-style-type: none"> - 4 жыл /күндізгі бөлім/; - 2 жыл /күндізгі, сырттай бөлім/ кез келген мамандықтағы екінші жоғары білімі барларға; - 3 жыл / күндізгі, сырттай бөлім/ арнаулы орта білімі барларға / қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бағытындағыларға.
17.	5B011800 - Орыс тілі мен әдебиеті	5B011800 - Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>«5B011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша дайындалатын бакалавриаттың білім бағдарламасының (ББ) жалпы сипаттамасы</p> <p>«5B011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша кадрлар дайындау 17.07.2013ж. алынған №13014680 мемлекеттік лицензия бойынша жүргізіледі.</p> <p>Білім беру бағдарламасы жеке түрі, деңгейі мен оқу мерзіміне байланысты жасақталады және төмендегідей принципке негізделеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының өзара бейімділігі мен үйлестірілуі, әр сатыдағы білімнің аяқталуы; - білім алушылардың қабілеті, тілектері мен мүмкіндіктеріне байланысты білім алу сұраныстарының

			<p>қанағаттандырылуы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіби бағдар мен кәсіби дайындық жұмыстарының кешенділігі, еңбек нарығына қажеттілікті зерттеу. <p>Білім беру бағдарламасы мынадай құрамдас бөліктерден тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құрамына жалпы білім беру, базалық білім және бейіндік пәндер енетін теориялық білім (оқыту); - қосымша оқу түрлері – кәсіптік практиканың түрлері, дене мәдениеті (шынықтыру, тәрбиесі) және т.б. - аралық және қорытынды аттестация. <p>ЖКБ ББ игеру мерзімі</p> <ul style="list-style-type: none"> - 4 жыл /күндізгі бөлім/; - 2 жыл /күндізгі, сырттай бөлім/ кез келген мамандықтағы екінші жоғары білімі барларға; - 3 жыл / күндізгі, сырттай бөлім/ арнаулы орта білімі барларға / орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бағытындағыларға.
18.	5B011900 - Шетел тілі: екі шет тілі	5B011900 - Шетел тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Жалпы білімділікке қойылатын талаптар</p> <p>Бітіруші:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ойлау мәдениеті жоғары және дүниетанымы кең жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары бойынша базалық білімдерді меңгеруі; - шетелдік білім беру саласындағы міндеттерді тұжырымдау және ұқыпты шеше білуі, педагогикалық қызмет шеңберінде ақпараттық технологияларды қолдана білуі, зерттеушілік қызметін табысты іске асыра алуы; - мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттерді меңгеруі, коммуниканттардың әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып қарым-қатынас орната білуі; - күнделікті кәсіби қызметке және білімді магистратурада жалғастыруға қажетті жаңа білім алу дағдыларын меңгеруі тиіс. <p>Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар</p> <p>Бітірушінің:</p> <ul style="list-style-type: none"> - этикалық және рухани

			<p>құндылықтар туралы, әлеуметтік тәртіпті реттеудің негізгі заңдылықтары және түрлері туралы, биліктің және саяси жүйелердің және әр түрлі әлеуметтік топтардың рөлі туралы; адамдардың тәртібіндегі, қарым-қатынасындағы және қызметіндегі сана-сезімінің рөлі, жеке тұлғаның қалыптасуы туралы түсінігі болуы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - өркениеттің дамуындағы ғылымның рөлін, ғылым мен техниканың ара қатынасын, психикалық негізгі механизмдерін, жеке тұлғаның қалыптасуындағы табиғи және жасанды факторлардың ара қатынасын адамзаттың тіршілік әрекетіндегі мәдениеттің рөлін түсінуі; - қоғамдық пікірге, салт-дәстүрлерге, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білуі және оларды өзінің кәсіптік қызметінде бағдар ретінде алуы, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен адамзаттың құқықтары мен бостандықтарын, Қазақстанның және оқытылатын шетел тілі елінің заңнамасының және құқықтық жүйесінің негіздерін, қоғамның әлеуметтік даму бағыттарын, адамның салаутты өмір салтының принциптерін білуі; - түрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс бағыт ұстана білу, тарихи құндылықтарға қатысты мәселелер бойынша өз позициясын білдіру және негіздеу, келісімге келу, өз пікірін ұжымның пікірімен байланыстыра білу біліктері болуы; - этикалық және құқықтық тәртіп нормаларын, психофизикалық қабілеттері мен қасиеттері иеленуді, дамытуды, жетілдіруді және белсендіруді, денсаулықты сақтауды және нығайтуды, командада жұмыс істеу қабілетін, өз көзқарасын дұрыс білдіруін, жаңа шешімдер ұсынуды қамтамасыз ететін практикалық білімдер мен дағдыларды меңгеруі; - әлемнің басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениетіне толерантты болуы; - кәсіби және тұлғалық тұрғыдан
--	--	--	--

			<p>өсуге ұмтылуы тиіс.</p> <p>Кәсіби құзыреттерге қойылатын талаптар.</p> <p>Бітіруші кәсіби құзыреттер шеңберінде:</p> <p>білімділік қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқушылардың шетел тілін мәдениаралық қатынас құралы ретінде меңгеру қабілетін дамытуға бағытталған кәсіби қызметін психологиялық және әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүзеге асыруы; - шеттелдік қатынасты меңгерудің нақты коммуникация жағдайларына барынша жақындатылған әдістемелік үлгісін жобалауы; - дидактикалық зерделеудің нысаны ретінде «өзге тіл-өзге мәдениет-тұлға» біртұтастыққа жинақтайтын категориясын анықтауы; - аутенттік лингвомәдени және әлеуметтік мәдени бағдарланған оқу материалдарын іріктеуі; - сабақта нормативтік аутенттік лексиканы пайдалануы; - мәдениетаралық қатынас құралы ретінде шетел тілін меңгеруге қызығушылықты қалыптастыру және ынталандыруы; - мәдениетаралық қатынас субъектісінің қалыптасуын қамтамасыз ететін технологияларды, әдістер мен тәсілдері қолдануы; - педагогикалық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануы; <p>эксперименттік-зерттеу қызметі саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқу-тәрбие процесін бақылау, бақылап отырған фактілер мен құбылыстарды талдау және олардың себеп-салдар байланыстарын анықтау, олардың дамуын болжауы; - сынып ұжымының ерекшеліктерін, оқушылардың мүдделерін, олардың оқып отырған пәнге қатынасын талдауы; - оқу материалын, оқыту құралдарын талдау, күтілетін нәтижелерді болжауы; - өзінің кәсіби әрекетін, оқушылардың оқу әрекетін талдауы; - баспа және ақпараттық көздерден ғылыми ақпаратты іріктеп алып, сын елегінен өткізу арқылы пайдалануы;
--	--	--	--

			<ul style="list-style-type: none"> - барлық бақыланып және талданып отырған құбылыстарды белгілі теориялық-әдіснамалық тұрғысынан түсіндіруі; - процесс нәтижелерін анықтайтын негізгі факторларды бөліп көрсетуі; - қол жеткен және тиісті нәтижелерді салыстыру, оның белгілі тұжырымдамалық негізде даму перспективасын болжауы; - ғылыми ақпаратты іріктеу және сын елегінен өткізе отырып пайдалануы; - әмбебап жалпы ғылыми таным әдістерін меңгеруі (талдау, жинақтау, индукция, дедукция, аналогия, ғылыми болжам, модельдеу және т.б.); - күрделі емес әдістемелік экспериментті жоспарлауы және өткізуі; - зерттеудің дидактикалық тиісді нәтижелерін өзінің кәсіби-педагогикалық әрекетін енгізуі; - эксперименттік-зерттеу жұмысының позитивті нәтижелерін баяндама, хабарлама, ғылыми мақала, әдістемелік құрал ретінде әдеби рәсімдеу және насихаттауы. <p>Ұйымдастырушылық-басқару қызметі саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқыту әрекетін жоспарлау барысында шетел тілін меңгерудің объективтік заңдылықтарын ескеруі; - сабақтың нақты мақсаты мен міндеттерін анықтау, оқушылардың ортақ әрекетінің бағдарламасын белгілеуі; - нақты сабақты мақсаты мен түріне сәйкес оқу материалын жоспарлауы; - өзінің кәсіби әрекетін шетел тілі мазмұны мен оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын қазіргі талаптар тұрғысынан жоспарлауы; - өз әрекетін және оқушылар әрекетін сабақтың (сабақтар топтамасының) белгілеген жоспарын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастыруы; - оқушылардың қатынас бойынша әріптес ретіндегі сөйлеу-коммуникативтік әрекетінің түрлерін, оны атқару күрделілігінің, тіректерінің, стимулдары мен қатынасқа қатысушылардың «рөлдік
--	--	--	---

			<p>позициясының» сипатын есреке отырып жобалауы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқушылардың сөйлеу-коммуникативтік әрекетін меңгерудегі әралуан жұмыс түрлері мен әдістерін ұтымды ұштастыруы; - өткізілген және қатысқан сабақ нәтижелерін талдауы; - бақылаудың әдістемелік (диагностикалық, түзетушілік, оқытушылық, бақылаушылық) мақсатын анықтауы; - бақылау нысанын бөліп көрсету, олардың сол сыныпқа арналған бағдарлама деңгейіне сәйкестігін орнатуы; - өткізген талдаудың негізінде шетел тілін мәдениетаралық қатынас құралы ретінде оқыту процесін ұйымдастыруға тиісті түзетулер енгізуі; <p>әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - шетелдік және көптілдік білім беру тұжырымдамасын білуі; - шеттілдік білім беруді көпмәдениетті тұлға қалыптастыруға бағдарлауы; <p>оқу-тәрбиелік қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүйелік, кешендік және сабақтастық принциптерін ескере отырып жоспарлауы; - нақты тәрбиелік міндеттерді конструктивті шешудің әдістері мен тәсілдерін меңгеруі; - өз пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстың оңтайлы формалары мен әдістерін таңдау және қолдануы; - оқушылар ұжымымен, сол сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен педагогикалық өзара байланыс орната білуі; - шетел тілі құралдары арқылы оқыту және тірбиелеу процесіне өзіндік тұрғыдан қарастыру жолдарын іздеуде қабілетті болуы; <p>оқу-технологиялық қызмет саласында:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақпараттық көздері (мультимедиялық оқыту бағдарламаларын, электрондық оқулықтарды, ТВ-технологияларды, интернеттік жүйелер) пайдалануы; - кейін субкомпетенциялар мен
--	--	--	---

			<p>құзыреттерге айналатын интерактивтік білімдер мен біліктерді меңгеруі;</p> <ul style="list-style-type: none"> - жұмыста кездесетін келеңсіз жағдайларды талдауы (келеңсіз жағдайларды шешу әдісін меңгеру); - кәсіби қызметке қатысты тапсырмаларды әзірлеу әдісін меңгеруі: (кейс технологияларын пайдалану немесе кәсіби мәнді кейс-жағдаяттарды талдау); - өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау әдісін өолданы рефлекстеуі; - «ми шабуылы», эвристикалық сұхбат, синектика әдісі негізінде идеялар туындатуы; - топтық пікірталас негізінде топтық шешім қабылдау, шығармашылық (проблемалық) міндеттерді шешу, жобалауы (ізденіс жобасы, талдамалы, прогносикалық, шығармашылық жобалар); - лингвистикалық және эксралингвистикалық құралдарды пайдалана отырып, стандартты және проблемалық жағдаяттарды модельдеуі (сюжетті, еліктеуіш-үлгілеу ойындары); - лингвистикалық және эксралингвистикалық(сюжетті, еліктеуіш-үлгілеу ойындар) құралдарды пайдаланып стандарттық және проблемалық жағдайларды моделдеуі; - мәселелік-коммуникативтік міндеттерді құруда болжамдық-дедуктивтік логиканы сақтауы; - контексті-негізделген оқытуды жүзеге асыруы тиіс.
19.	5B012000 - Кәсіптік білім	5B012000 - Кәсіптік білім мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>Кәсіптік оқыту мамандығының түлектері оқу бағдарламалары бойынша мына салаға байланысты біліктіліктерді таңдауы мүмкін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік; 2. Киім дизайны; 3. Автокөлік құралдарын тұтыну және жөндеу.
20.	5B012100 - Қазақ тілін оқытпайтын мектептертегі қазақ тілі мен әдебиеті	5B012100 - Қазақ тілін оқытпайтын мектептертегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры	<p>«5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша дайындалатын бакалавриаттың білім бағдарламасының (ББ) жалпы сипаттамасы</p>

